

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Вопрос о призрении покинутых детей. Воспитательные дома.// В кн.: Русская мысль, 1890 № 4. - 196 б.
5. Рыбинский Е.М. Управление системой социальной защиты детства: социально-правовые проблемы. - М.: Академия, 2004. -20 б.
6. Войтенко Т.П., Миронова М.Н. Проблемы развития детей в детских домах и школах-интернатах//Вопросы психологии.-1999. №2.- 118-120 б
7. Жетім балалармен әлеуметтік жұмыс – өзекті мәселе. – Алматы: Қазақстан жоғары мектебі, 2005. – № 4. – Б.233-23

ӘОЖ 364-78-(4/8)

ҰЕҰ-НЫҢ ЖЕТІМ БАЛАЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ.

Әбдіжаппарова Айгуль Төрекұлқызы

ms.abdizhapparova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ҰҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Т.Урузбаева

Қазіргі уақытта отбасы балаға әлеуметтік тарихи тәжірибені, бәрінен бұрын адамдар арасындағы эмоционалдық және іскерлік қарым қатынастарды берудің негізгі көзі мен тобы болып табылады. Ал отбасында тәрбиеленбеген бала әрқашан қарым қатынаста белсенділік танытпайды. Жетімдік біздің қоғамымыздың алдында тұрған шұғыл мәселелердің бірі. Жетімдік мәселесінің кең таралуы қазіргі таңда көптеген елдерге тән мәселе болып тұр. Бүкіл елдерде мұндай балаларды әр түрлі атайды: «қабыл алмаған балалар», «қазыналық бөбектер», «тастау үшін туылғандар», «мәңгі жағадан туылғандар». Жетімдік фактор ретінде баланың оны қоршаған әлеуметтік ортамен, ересектер мен құрдастар әлемімен эмоционалды байланысты бұзып, екінші қайтара терең физиологиялық, психологиялық, және әлеуметтік дамудың бұзылысын тудырады. Балалықты әлеуметтік педагогикалық қолдау жүйесі ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы әлеуметтік педагогикалық мәселені құруды міндеттейді. Мұндай мекемелерге қажеттілік «тәуекелділік топтары» балаларының көптеген деңгейлері пайда болуымен шартталған. Типтік білім беру мекемесінде жетім балалардың келесідей титері кездеседі: ата ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалар; тұрақты үйі мен тіркелуі жоқ жетім балалар; қашқын балалар, түрлі жәбір көретін нашар халдегі отбасында тұратын жетім балалар, отбасы немесе қоғамда дағдарысты жағдайларда жүрген жетім балалар. Басқалар олардың мәселелерін шеше алмайды. Бұл балалардың дамуы үшін қажетті өмір деңгейіндегі құқықтары бұзылған. Осы тұста ҰЕҰ тарапынан болатын көмектер балаларды қосымша құқықтық тәрбиелеу, қоғамдағы нашарлық әдеттерден тию, жетім балаларды түрлі әлеуметтік дерттерге түсуден сақтайды және үлкен көмек береді. Психология-педагогика ғылымы тұрғысынан, жетімдік – ата-ана қамқорлығынан айырылған кәмелетке толмаған балалардың өмірлерінің бейнесін сипаттайтын жағымсыз әлеуметтік құбылыс.

Л.Олиференко пікірі бойынша, әлеуметтік жетімдім әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар имандылық өнегелік себептер бойынша ата-ана қамқорлығынан айырылған ерекше әлеуметтік демографиялық 0-18жасқа дейінгі балалар тобы, яғни, бұл ата-ана құқығынан айырылған, ішімдік, нашарлық, және т.б психологиялық ауытқулардан азап шегетін, өз балаларынан бас тартқан ата-аналардың балалары[1]. Жетім балалардың жекелік ерекшеліктерін И.Дубровина, С.Забрамная, Е.Казакова, М.Лисина, В.Мухина, А.Прихожан, А.Рузская, Е.Стребелева, Л.Шипицина және басқа да көптеген ғалымдар жан жақты зерттеп келген.

Шипицына және Е.Казакова өздерінің еңбектерінде жетімдіктің ең қайғылы салдары бұл ата ана қамқорлығынан айырылған балалардың денсаулығына психикалық және әлеуметтік дамуына тікелей зиян екендігін көрсетеді балалар үйінің 60% асқынған әсіресе орталық жүйке жүйесінде ауытқулары бар III-V ең төмен денсаулық топтарына жататын балалар құрайды. 55% жуығы физикалық дамулары кешеуілдеген балалар. Тек 4,7 пайызында ғана мүгедектік жоқ сау балалар. Мидың органикалық зақымдану салдарынан басқа балалардың 30%-да асқынған тонзилит, ішек жолдарының дискенезиясы, осмоидты бронхит, пиелонефрит өте жиі энурездері бар екендігі анықталған [2].

Жетімдіктің ең ауыр ізі баланың психологиялық дамуында қалады. Ата-анасынан айрылған және интернаттық жағдайда тәрбиеленген жетім балаларда жалпы психикалық тонус төмендейді. Өзін өзі реттеу үрдістері бұзылады, көңіл күйдің түсуі басым болады. Балалардың көбінде қауіппен өз-өзіне сенбеушілік сезімі дамып әлемге қызығушылық қатынасы жоғалады. Көптеген жағдайларда (85-92%) балалар үйінің түлектері жалпыға орта білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабілетсіз.

Қазақстанда қазіргі таңда ҰЕҰ тарапынан жетім балаларды әлеуметтік және психологиялық қолдау бойынша бағдарламалар жасалған. ҰЕҰ қоғамның әлеуметтік мәселелері толғандырмай қоймайтын жастар мен еліміздің әр-түрлі жас аралығындағы және әр-түрлі салада қызмет ететін азаматтар тобынан құрылған еріктілер тобын жұмылдыру арқылы жетім балаларды интернаттан кейінгі өзіндік өмірге дайындау мен бейімдеу жұмыстарын жүргізуде. Мысал ретінде Астана қаласында орналасқан жетім балалар мен жетім балалар үйінің түлектерін қолдауға бағытталған «Best for kids» қоғамдық ұйымының ұйымдастырушылық әдісі мен технологияларын мысалға келтіруге болады. ҰЕҰ келесідей бағыттар бойынша өз қызметтерін ұйымдастырған:

- Жетім балалар үйіне бару (еріктілерді жинап арнайы ойын түрлерін өткізу арқылы жетім балаларға жақсы әсер қалдыру)
- Профориентация (Әр түрлі қызмет көрсету мекемелерімен келісімге келу арқылы балаларға мамандық таңдауға бағытталған саяхат ұйымдастыру және мамандықтармен таныстыру);
- Жетім балалар үйінің мұғалімдеріне арналған тренингтер өткізу;
- Әлеуметтік кәсіпкерлік;
- Еріктілерді дайындауға арналған тренингтер;
- Жетім балалар үйінің түлектерімен кездесулер өткізу;
- Жетім балаларға менторлықты тағайындау;
- Жетім балалар үйінің тәрбиеленушілері мен түлектерінің қолынан шыққан туындыларды сату «Handmade» жәрмеңкесін ұйымдастыру;

ҰЕҰ Астана қаласының шет аумағында орналасқан қалалық қозғалыс пен ісшараларға жиі ат салысуға мүмкіндіктері төмен интернаттық жағдайда жетім балаларды тәрбиелейтін үш жетім балалар үйімен тығыз жұмыс жасайды.

Аталған қоғамдық қорда диссертациялық жұмыстың мақсатына байланысты, магистірлік тәжірибені өту барысында ҰЕҰ жағдайындағы жетім балалармен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру түрлерімен танысып, жетім балалардың эмоционалды-психологиялық ашу мақсатында жетім балалар үйінің тәрбиеленушілерінен арнайы сауалнама алынды. Біз пайдаланған сауалнама авторлық құқығы бар «Ряховтың коммуникативтілік деңгейін анықтауға» арналған психологиялық тестісі болып табылады [3]. Сауалнамаға 16-18 жас аралығында 50 жетім балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты. Тесттің көрсеткіші бойынша балалардағы коммуникативтілік деңгейі орташа және орташадан төмен болып табылды. Балалардың 75% -на тест бойынша мынадай портрет жасалды:

- Қызықты әңгімелесушіні мұхият тыңдайды;
- Қарым-қатынас жасау әңгімелесу барысында төзімді;
- Жаңа тұлғалармен танысуға белсенділік танытпайды;
- Жаңа орта мен шулы іс-шараларды ауыр қабылдайды;

– Экстрагаванттылық пен көпсөзділік тітіркенуді туғызады.

Қалған балалардың 15% коммуникативтілік дағдыларды жетілдіру бойынша жеке арнайы психологиялық жұмыс жүргізуді қажет етеді, 10%-ғана коммуникативті ортада белсенді және өзін жақсы сезінетіндіктері анықталды.

Бұл зерттеу бойынша ҰЕҰ тарапынан жасалған жетім балаларды қоғамға бейімдеушілік іс-шаралардың қажеттілігімен тиімді келістердің пайдасын, инновациялық жолдарын ары қары қарай дамытуға негіз ретінде көруге болады.

ҰЕҰ қызметіндегі әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру технологиялары қазіргі таңда қоғамдық жұмыстармен іс-шараларды ұйымдастыру деңгейінде және көрсетілген әлеуметтік мәселеге қоғам назарымен күшін жұмылдыруға бағытталған. Әсер ету әдістері психологиялық келістер арқылы жүзеге асырылуда. Мысалы жетім балалардағы қоғамдық жұмыстарға ат салысушылық пен коммуникативті дағдыларды жетілдіру үшін арнайы ҰЕҰ тарапынан психологтарды жалдау және психологиялық курстарды ұйымдастыру қолға алынған. Аталған мәселеге қатысты ҰЕҰ тарапынан интернаттағы жетім балалар тәрбиеленушілеріне арналған эмоционалды маманның жанып кетуінен сақтайтын тренингтер мен іс-шараларды қоса ұйымдастыру сұранысқа ие болып отыр. Интернаттағы психологиялық климаттың жақсаруына ҰЕҰ тарапынан ұйымдастырылатын ай сайынғы қонақтар кешін ұйымдастыру да балалардағы коммуникативтіліктегі барьерлердің жоғалуына әкеледі. Қалалық іс-шаралармен республикалық деңгейдегі сайыстарға тарту және қалаларды аралату балалардағы қоғамнан қымсынуды жеңуге әкелетін жұмыстардың бірі болып табылады. Осы істерді тиімді ұйымдастыру ҰЕҰ саласының технологиялық және методологиялық компетенттілігіне тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л. Олиференко. Социально педагогическая поддержка детства. Муниципальная И.Ф Дементьев. Социальное сиротства: генезис и профилактика М., НИИ семьи и воспитания, 2000.
2. Монография. М., Народное образование, 2002г стр.112. Психолого-педагогическое консультирование и сопровождение развития ребенка: Пособие для учителя дефектолога/ Под.ред. Л.М. Шипициной. ВЛАДОС 2003., 528стр
3. Тест Ряховского на оценку уровня общительности, коммуникативности.

ӘОЖ 316.344.233

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Бадамбекова Жарқынай Ераханқызы

badambekova.zh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті.

Ғылыми жетекшісі – Д. Есимова

Жалпы әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болуы туралы айтсақ, оны ертеден келе жатқан қайырымдылықпен байланысты іс-әрекет ретінде көруге болады. Адамдар ғасырлар бойы әлеуметтік көмектер көрсетіп, қайырымдылықпен айналысып келеді: ауру адамдарға көмектесті, кедейлерді азық-түлікпен қамтамасыз етті, сауатсыз адамдарға білім үйретті. Бірақ әлеуметтік және экономикалық құбылыстарға сәйкес, мысалы капитализмнің орнауы, халықтың әл-аухатының тең болмауы, дәстүрді қолдаушы қоғамдағы отбасы рөлінің төмендеуінен әлеуметтік кәсіпкерлік тек қана қажеттілігі емес, сонымен қатар ауқымдылығы мен қиындығы қатар туындады. Әртүрлі әлеуметтік мәселелердің шектен тыс көбеюі мемлекеттік және жеке компаниялардың бұл қиындықтармен күресуге дәрменсіздігіне алып келді. Қорытындысында, кәсіпкерлікте әлеуметтік мәселелердің

шешімін табатын және қолдайтын жаңа бағыт пайда болды. Ол-әлеуметтік кәсіпкерлік еді. Әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болуы теориясы жалпы осылай сипатталады, ал Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы мен пайда болуы өзіндік ерекшеліктерге ие.

Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымын «Ашока» филантроптық-әлеуметтік ұйымның негізін қалаушы Билл Дрейтон енгізді, ал арнайы мамандық және зерттеу саласы ретінде алғаш таныстырған ол- Грегори Диз. Қазіргі таңда әлеуметтік кәсіпкерлік үлкен сұранысқа ие және өте тиімді, маңызды бизнестің түрі ретінде дүниежүзінің барлық мемлекеттерінде кеңінен таралып, дамып келеді. Жалпы әлеуметтік кәсіпкерлікке ғылыми анықтама берсек, олар өте көп. Солардың ішінен маңызды және терминнің мағынасын толық сипаттайтын бес нұсқаны тандап алуға болады. Мысалы : 1) «әлеуметтік міндеті айқын және табыс алып келетін арнайы ережелері бар бизнестің түрі » (Social Enterprise, UK). 2) «адамдарға көмек көрсететін кез келген инновациялық жоба әлеуметтік кәсіпкерлік деп танылады. Бастама коммерциялық немесе коммерциялық емес, экономикалық тиімді немесе тиімсіз болуы мүмкін.» (Мухаммад Юнус). 3) «Бір уақытта әлеуметтік және экономикалық мақсатқа жету үшін түрлі құқықтық статусты қолданатын кәсіпкерлік ұйым» (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы). 4) «Әлеуметтік кәсіпкерлік – әлеуметтік мәселелерді шешуге және жеңілдетуге бағытталған шағын бизнес. Әлеуметтік кәсіпкерлік барлық салада бар, себебі кез келген ортада әлеуметтік мәселе бар мейлі сен менеджер бол, мейлі фермер бол. Әлеуметтік кәсіпкердің ынталануы – әлеуметтік мәселені шешу, ал ақша тек тұрақтылық және тәуелсіз болу үшін керек, ақша табу дәстүрлі бизнестегідей мақсат емес». (Қор «Наше будущее» Ресей) 5) « Әлеуметтік бизнес кәсіпкерліктің жаңа түрі. Осы уақытқа дейін бизнестің бір ғана мақсаты болды, ол – пайда табу. Әлеуметтік бизнестің дәстүрліден айырмашылығы пайданы әлеуметтік мәселелерді шешіп, қоғамды басқару үшін тиімді жолды таңдайды. Олар адам өмір сүру сапасын жақсарту үшін қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырады, әрқашан бірінші өзін емес қоғамдағы адамдардың мүдделерін биік қояды.» (Мухаммад Юнус, Ханс Райц) [1].

Әлеуметтік кәсіпкерліктің белгілері :

- Кәсіпорын өзін әлеуметтік кәсіпорын деп санайды;
- Кәсіпорын табыс мөлшерінің 50%-дан жоғары мөлшерін акционерлерге және өз меншіктеріне төлемеу керек;
- Кәсіпорын гранттар мен қайырымдылықтан түскен қаржының кем дегенде 75% өзге мақсаттарға қолдануға болмайды;
- Кәсіпорын табыс мөлшерінің кем дегенде 25%-ын коммерциялық қызметерге қолдануға болмайды;
- Кәсіпорынға нарықтық экономикада қолайлы жағдай жасалу керек: «Әлеуметтік кәсіпкерлік ол – әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешетін маңызды бизнес, табыс көзі тек қоғам мен бизнестің дамуына инвестицияланады, акционерлер мен өз меншіктеріне аударылмайды.»

Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі қағидалары:

- бизнестің мақсаты – үстеме пайда табу арқылы қоғамдағы маңызды бір мәселені шешу. Мысалы, өмір сүру сапасын артыру, білім беру, денсаулық сақтау, ақпараттық технологияларға қолжетімділікті орнату, қоршаған ортаны қорғау;
- Әлеуметтік кәсіпкерлікте инвесторлар салым көздерін ешқандай үлеспайдасыз ала алады;
- Салым көздері инвесторларға қайтарылған соң, таза табыс компанияның дамуы мен тауар сапасының артуына жұмсалады;
- Қаржылық және экономикалық тұрақтылық;
- Қоршаған ортаға жауапкершілік;
- Тиімді жұмыс шарттары мен лайықты еңбекақымен жұмысшыларды қамтамасыз ету;
- Соңғы қағида – әлеуметтік кәсіпкер өз кәсібін жақсы көріп, оны жүзеге асыру керек; [2].

Кесте 1. Әлеуметтік кәсіпкерлік, Үкіметтік емес Ұйым және дәстүрлі кәсіпкерлік салыстырмалы сипаттама.

	Үкіметтік емес Ұйым	Әлеуметтік кәсіпкерлік	Дәстүрлі кәсіпкерлік
Құқықтық мәртебе	ҚҰ, қор, заңды тұлғалар қауымдастығы	Ұйым немесе кәсіпорын	АҚ, ЖШС, ЖК
миссия	тек қоғамдық мақсат үшін жүзеге асады	басты мақсат-әлеуметтік қызмет	Экономикалық пайданы арттыру
Мәселені шешу құралы	Қайырымдылық, ерікті қызмет	Бизнес қызмет	Бизнес стратегия
Ықпал ету	Әлеуметтік құндылықтарды құру	Әлеуметтік және экономикалық құндылықтарды құру	Экономикалық құндылықтарды құру
Қаржылық ресурстар	Демеушілік, қайырымдылық	Демеушілік және бизнес кірістің бірігуі	Бизнес кіріс
Міндеттеме	Қайырымдылық, бенефициарлар және қоғамдық	Әлеуметтік инвесторлар, клиенттер, бенефициарлар, қоғамдастық	Акционерлер, кәсіп иелері, клиенттер, қауымдастық
Кірісті жұмсау, қаржыландыру	Әлеуметтік қызметті жүзеге асыру	Қоғам пайдасы мен көлемді қызмет үшін ұйымды қайта қаржыландыру	Меншік иесі мен акционерлер пайда мен үлесі

Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерліктің пайда болуы мен дамуы, әрине ең алдымен, елдің экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты. Әлеуметтік кәсіпкерлік жалпы кәсіпкерліктің бір саласы болғандықтан, елдегі экономикалық тұрақтылық нарықтық жүйе, дағдарыс, сұраныс, тұтыну жүйелерімен де қатар жүреді. Жалпы әлеуметтік кәсіпкерлік Қазақстанда соңғы он жылдықта пайда болып, жылдан-жылға жаңаша сипатқа ие болып келеді. Қазақстан нарықтық экономикадағы дамушы мемлекет болғандықтан жеке кәсіпкерлікке, орта және шағын бизнеске жан-жақты қолдау көрсетеді. Оған дәлел, Ұлттық қордан, үкіметтік емес ұйымдардың гранттардың бөлінуі және заңдық тұрғыдан қорғалуы, делдалдық көмек көрсету. (2 кесте)

Кесте 2.

№	Қызмет түрі	Анықтама	Қызметті ұсынатын субъект
1	Құқықтық қорғау	ҚР-ның Кәсіпкерлік кодексі 2015 жылғы 29 қазан; Әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациялар туралы ҚР-ның Заңы 2008 жылғы 30 маусым.	ҚР Әділет министрлігі
2	Қаржылай көмек	даму әлеуеті бар шағын және орта бизнестің барлық субъектілеріне қаржыландырудың қолжетімділігін қамтамасыз ету	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
3	Делдалдық көмек	бизнес құқығын және мүдделерін қорғау, бизнестің қызметіне қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік қағидаларды қалыптастыру үрдісіне барлық	«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

		кәсіпкерлердің кең көлемде қамтылуы мен осы үрдістерге кәсіпкерлердің қатысуын қамтамасыз ету	
--	--	---	--

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлерінен әлеуметтік кәсіпкерліктің Қазақстанда дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан ұйым ол – «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – коммерциялық емес ұйым. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы отандық бизнестің ҚР Үкіметі және мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізу жұмыстарының қарқынын арттыру мақсатында құрылған. Кәсіпкерлер палатасы шағын, орта және ірі бизнес мүдделерін білдіреді және құқықтарын қорғайды. Палата өз қызметінде кәсіпкерлік саласының, оның ішінде ішкі және сыртқы сауда салаларын қамтиды. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басты міндеті – бизнес құқығын және мүдделерін қорғау, бизнестің қызметіне қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік қағидаларды қалыптастыру үрдісіне барлық кәсіпкерлердің кең көлемде қамтылуы мен осы үрдістерге кәсіпкерлердің қатысуын қамтамасыз ету.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметі іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға, тұрақтылықты нығайтуға, елде ұлттық, сондай-ақ шетел инвесторларының бизнес жүргізуіне қолайлы жағдайларды дамытуға бағытталған.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы барысына отандық бизнестің барынша тартылуын көздейді. мемлекеттік мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іскерлік орта мүддесін қорғау. ҰКП шет елдердің бизнес қауымдастықтарымен байланысты кеңейтуде және нығайтуда. Сондай-ақ Ұлттық кәсіпкерлер палатасы интеграциялық үрдістерде отандық бизнеске қолдау көрсетеді [3].

Палата өз қызметін бастағаннан бастап әлеуметтік кәсіпкерліктің Қазақстанда дамуын жіті бақылып келеді. Әлеуметтік кәсіпкерлік жаңа бағыт, жаңа ұғым болғандықтан, бизнесті жарнамалау ең маңызды мәселесі. Кәсіпкерлерге әлеуметтік бизнестің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіру үшін дөңгелек үстел, жиналыстар, видеоконференциялар, семинар-тренингтер ұйымдастырып отырады. Видеоконференцияға Қазақстанның 14 облысынан «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жергілікті бөлімдерінде кәсіпкерлер, әлеуметтік кәсіпкерлер қатысады. Конференцияда әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысудың тиімділігі мен маңыздылығы талқыланып, түрлі сұрақтар қойып, олар өз талап-тілектерін білдіреді. Мысалы 2016 жылдың 14 қаңтарында «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған «Әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы» тақырыбында кезекті видеоконференция өтті. Конференцияда күн тәртібіндегі маңызды мәселелер талқыланып, әлеуметтік бизнес туралы шетелдік тәжірибе туралы баяндама жасалды. Қорытындысы бойынша шешімін табу қажет негізгі үш жағдай анықталды. Олар заң жобаларына өзгеріс енгізу; жарнамалау, таныстыру, бизнеске шақыру сияқты іс-шаралар өткізу; мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау мен көмекті жүйелендіру.

Жалпы ел экономикасы үшін әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы несімен пайдалы? Әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік түйткілдерді шеше отырып, жаңа немесе бұрын тартылмаған ресурстарды іздеуімен. Бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін, не болмаса жалғыз басты аналар үшін арнайы жұмыс орындарын құру түйткілдерін шешу болуы мүмкін. Не болмаса қоршаған ортаны ластаумен байланысты мәселелер. Әлеуметтік түйткілдер кез келген мемлекетте, қоғамда кездеседі, ал әлеуметтік кәсіпкерлер оларды шеше отырып, елдің жиынтық экономикалық тиімділігін көтереді, өйткені бұрын қолданылмаған ресурстарды экономикалық айналымға енгізеді. Сол себепті, Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақтылығының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Социальное предпринимательство: миссия – сделать мир лучше » Джилл Кикал, Томас Лайонс; пер.с англ. Альпина Павлишер, 2014.-304ст.
2. Cabinet Office «Social Enterprise: market trends», BMG, May 2013.
3. palata.kz
4. «Роль социального предпринимательства в системе оказания социальных услуг населению» Трясина Д.В. Новокузнецк, Россия

ӘОЖ 301.18 (5Қ)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕНІҢ КӨРІНУ ДЕҢГЕЙІ

Бекшенова Шария Уалиевна

B.sh11@mail.ru

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің студенті, Көкшетау,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.К. Кайникенова

Жастар саясаты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде жастардың өсіп-өркендеуін, азаматтық қалыптасуын алғышарттайтын құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды құрып, нағайтуды көздейді. Бұл міндеттерді іске асыру үшін мемлекетке ең алдымен концептуалдық, құқықтық-нормативтік негіз жасау шарт. Міне, осы міндетті іске асыру бүкіл мемлекеттік жастар саясатының ойдағыдай жүруіне септігін тигізеді. Бұл міндеттердің неғұрлым ойдағыдай шешілуі, жастар саясатының тиімділігін соғұрлым арттыратыны анық.

Жалпы Қазақстан Республикасының жастар саясатындағы әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесін қарастырмас бұрын, жалпы жастар саясатының қалыптасу барысына талдау жасағанымыз жөн болады. Бұл жастар саясатының жалпы көрінісін, осы саладағы шешілмеген сұрақтар буынының сипаты мен көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің көбінесе жастармен қарым-қатынасы басқа елдердегідей, жастар мәселесінің спецификалық шешімі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымдарымен ерекшеленетіні белгілі. Сондықтан да Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының қалыптасу және іске асу ерекшеліктерін осы салаға ретроспективті талдау жасау арқылы көре аламыз[1].

1990 жылдарға дейін жастармен жұмыс істеудегі көптеген функцияларды комсомолдың атқарғаны белгілі. Жастармен жұмыс істеу барысында комсомол саяси-әлеуметтік жүйенің барлық саласында өте жоғары тәжірибе жинақтағанын атап өтуіміз қажет. Жасөспірімдерді патриотизмге, еңбекке, әдептілікке, дене даярлығына тәрбиелейтін кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесі мүлтіксіз жұмыс істеді. Комсомолдың тарихи тәжірибесі мен нақты іс-әрекеті оның кеңестік қоғамдағы орны мен маңызын айқындап, жалпы алғанда жастардың рухани дамуын қанағаттандырды деп айтсақ қателеспейміз. Студенттік құрылыс отрядтарын, оқушылардың өндірістік бригадаларын, жоғары кластардың еңбек және демалыс лагерлерін; «Золотая шайба», «Кожанный мяч», «Белая ладья» спорттық клубтарын; «Студент және ғылыми-техникалық прогресс» конкурстарын; қоғамдық мамандықтар факультеттерін; жас жазушылардың, композиторлардың, кинематографтар мен басқалардың отырыстарын; мәдениет, ғылым, техника, өндіріс және өзге де салаларда еңбек ететін жастарға сыйақы тағайындау сияқты тиімді түрлерін комсомолдың пайдалы жұмысы деп атауға толық негіз бар.

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы бір мақсатты – жас патриоттар буынын қалыптастыру, балалар мен жастарды шығармашылық еңбекке және Отанды қорғауға, өз